

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

**Электрлік пеш
DEXP VN-3016 HP**

Мазмұны

Сақтық шаралары.....	5
Техникалық сипаттамалары.....	6
Құрылғы сұлбасы.....	7
Конфорканы басқару реттегіші	7
Пешті басқару реттегіш.....	7
Пайдалану нұсқаулығы	8
Пеште ас әзірлеу.....	8
Торда қуыру	8
Қызмет көрсету және күтім жасау	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	9
Қосымша ақпарат.....	10

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Электрлік пеш — бұл тамақ дайындауға арналған қыздырғыш құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ыстық элементтер мен өнімдерді қолмен ұстамаңыз. Ыстыққа төзімді қолғап пен ұстағышты пайдаланыңыз.
- Балалардың қасында құрылғыны қолданған кезде абай болыңыз.
- Электр тогының соқпауы және жарақат алып қалмауыңыз үшін құрылғыны, оның сымын, ашасын суға және басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Қуаттау сымы беттің (мысалы, үстелдің) шетінде салбырап тұрмауы керек. Қуат сымының ыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Ақауы бар немесе сымы бүлінген құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізбен ашып бөлшектеп, жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі төмен адам жөндейтін болса, пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны қолданған кезде ауа айналымы дұрыс болуы үшін әр жағынан кемінде 10 см және құрылғының үстінде 30 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғы пайдаланылмаса, сондай-ақ тазаламас бұрын оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны орнатпас немесе бөлшектерін алмас бұрын, сондай-ақ құрылғыны тазаламас бұрын оның суығанын күтіңіз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқанда, оны электр сымынан емес, ашасынан тартыңыз.
- Тасымалдау кезінде, пісіру табасын, торды алып шыққанда немесе ыстық май мен басқа да ыстық сұйықтықтарды төккенде аса сақ болыңыз.
- Күйіп қалмау үшін, конфорканың жұмыс бетіне қолыңызды тигізбеңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Қызып кетпеуі үшін пештің қандай да бір бөлігін металл фольгамен жап-


паңыз.

- Құрылғының беттерін металл губкалармен тазаламаңыз, олар төсемдерді зақымдап, электр тогының соғу қаупін тудыруы мүмкін.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналмаған.
- Бұл құрылғыны балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың (олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандар қадағалап тұрмаса) пайдалануына тыйым салынады. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
- Қосылып тұрған құрылғыны жылдам тұтанатын заттар мен материалдардан аулақ ұстаңыз.
- Пешке келесі материалдарды салуға болмайды: картон, пластик, қағаз және т.б.
- Пеште өндіруші ұсынбаған заттарды немесе керек-жарақтарды сақтамаңыз.
- Құрылғыны осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттар үшін пайдаланбаңыз.

Техникалық сипаттамалары



- Үлгісі: VN-3016 HP.
- Көлемі: 30 л.
- Қуат көзі: АС 220–240 В, 50 Гц.
- Пештің қуаты: 1600 Вт.
- Конфоркалар қуаты: 1000 Вт + 700 Вт.
- Температураны реттеу: 100 °С-ден 250 °С-ге дейін.
- Ысытқыш элементтері тот баспайтын болаттан жасалған: 4 дн.
- Қыздырғыштың 4 сатылы ауыстырып қосқышы: өшіру / жоғарғы / төменгі / жоғарғы + төменгі.
- Керек-жарақтары: пісіру табасы (1 дн.), тор (1 дн.), пісіру табасының ұстағышы (1 дн.).
- Қолдану аясы: тұрмыстық.


Құрылғының сұлбасы



1. Жарық индикаторы.
2. Пешті басқару реттегіші.
3. Температураны реттегіш.
4. Кіші конфорканы басқару реттегіші.
5. Үлкен конфорканы басқару реттегіші.
6. Кіші және үлкен конфорка.
7. Есік тұтқасы.
8. Тор.
9. Пісіру табасы.
10. Пісіру табасының ұстағышы.
11. Ысытқыш элемент (жоғарғы және төменгі).
12. Есіктің төменгі жақтауы.

Конфорканы басқару реттегіші


- Конфорканы басқару реттегішінің көмегімен конфорка температурасын минималды «MIN» күйінен максималды «MAX» күйіне дейін орната аласыз.
- Пісіруді аяқтағаннан кейін конфорканы басқару реттегішін «MIN» күйіне қойып, электрпешті розеткадан ажыратыңыз.
- «» — үлкен конфорка.
- «» — кіші конфорка.



Конфорканы басқару реттегішінің күйі	Үлкен конфорканың қыздыру температурасы	Кіші конфорканың қыздыру температурасы
MIN	0 °C	0 °C
1	300 °C	340 °C
2	380 °C	430 °C
3	420 °C	460 °C
MAX	520 °C	500 °C

Пешті басқару реттегіші

1. Өшірулі.
2. Жоғарғы қыздыру элементі.
3. Төменгі қыздыру элементі.
4. Жоғарғы және төменгі қыздыру элементтері.






Пайдалану нұсқаулығы

Электрлік пешті бірінші рет қолданар алдында



- Барлық керек-жарақты жұмсақ жұғыш затпен жуыңыз және таза сумен шайыңыз.
- Барлық керек-жарақты мұқият құрғатыңыз және оларды пешке орнатыңыз.
- Электрлік пешті өңделмеген ағаш бетке қоюға болмайды. Пешті ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- Пешті максималды температурада 15 минут қыздырыңыз. Бұл бөтен иістерді жоюға көмектеседі.

Пеште ас әзірлеу

1. Пеште торды қажетті деңгейге қойыңыз.
2. Тағамды пісіру табасына салыңыз. Пісіру табасын қолданғыңыз келсе, торды қоюдың қажеті жоқ, өйткені пісіру табасы пештегі рельстерде тұра береді.
3. Пешті басқару реттегішін  күйіне қойыңыз, жарық индикатор жанады, бұл пештің жұмыс істей бастағанын білдіреді. Пешті басқару реттегішін  күйге ауыстырған кезде, индикатор автоматты түрде өшеді.
4. Температура реттегішін қажетті температураға орнатыңыз.
5. Пісіруді аяқтағаннан кейін пештің басқару реттегішін  күйіне бұрып, пешті өшіріңіз.

Ескерту: екі комфорка мен пеш бір уақытта жұмыс істей алады.

Торда қуыру

1. Торды пісіру табасына қойыңыз.
2. Тағамды торға қойып, оны пештің үстіңгі рельсіне салыңыз. Тағамды үстіңгі қыздыру элементіне тигізбей, мүмкіндігінше оған жақын орналастыру керек (тамақ пен жоғарғы қыздыру элементінің арасына кемінде 2 см қалдырыңыз).
3. Пештің басқару реттегішін  күйіне орнатыңыз.
4. Температура реттегішін қажетті температураға орнатыңыз.
5. Пісіруді аяқтағаннан кейін пештің басқару реттегішін  күйіне бұрып, пешті өшіріңіз.

Қызмет көрсету және күтім жасау

- Құрылғыны тазалау алдында оның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз және суығанын күтіңіз.
- Май жиналмауы және жағымсыз иістер пайда болмауы үшін, әр қолданғаннан кейін құрылғыны тазалаңыз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз немесе ағынды сумен шаймаңыз.
- Тор мен пісіру табасын кәдімгі ыдыс сияқты жұғыш зат қосылған дымқыл губкамен тазартуға болады.

- Құрылғының ішкі бетін дымқыл губкамен сүртіп, қағаз немесе шүберек сүлгімен құрғатып сүртуге болады.
- Абразивті материалдарды, металл губкаларды пайдаланбаңыз және пештің беттерін қырмаңыз, бұл оның жабынына зақым келтіреді және оның қызмет ету мерзімін қысқартады.
- Құрылғының сыртқы беттерін дымқыл губкамен сүртіңіз.
- Құрылғыны электр желісіне қоспас бұрын, оның барлық бөлігі мен беті құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Фошань О-Макс Электрик Эпплайнс Ко., Лтд.

№6-2, Наньлан өнеркәсіптік аймағы 2, Синтань, Шуньдэ ауданы, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін. Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.8

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаудың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет, оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, тауар жинағына кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар мен олардың жалғағыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және т.б.), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Тасымалдауға арналған қаптар, сөмкелер, белдіктер, баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйыммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерді өз мойнына алмайды:

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ тікелей қолданылу мақсатынан басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамауы салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде алынған жарықтар, шатынаулар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, ойылулар және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгені байқалады. Ақау бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйым ақауының алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кәбіл, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, оның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің сәйкес келмейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымның жанында жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.



